

Ақкөл аудандық мәслихатының 2018 жылғы 12 наурыздағы № С 19-3 "Ақкөл ауданының аумағында қызметін жүзеге асыратын барлық салық төлеушілер үшін тіркелген бірыңғай салық мөлшерлемелерін белгілеу туралы" шешімінің күші жойылды деп тану туралы

Ақмола облысы Ақкөл аудандық мәслихатының 2020 жылғы 4 қарашадағы № С 61-2 шешімі. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 12 қарашада № 8142 болып тіркелді

"Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі Заңының 27, 46-баптарына сәйкес, Ақкөл аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. "Ақкөл ауданының аумағында қызметін жүзеге асыратын барлық салық төлеушілер үшін тіркелген бірыңғай салық мөлшерлемелерін белгілеу туралы" Ақкөл аудандық мәслихатының 2018 жылғы 12 наурыздағы № С 19-3 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6503 болып тіркелген, 2018 жылғы 16 сәуірде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкінде жарияланған) шешімінің күші жойылды деп танылсын.

2. Осы шешім Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және 2020 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

*Ақкөл аудандық мәслихатының хатшысы,
Ақкөл аудандық мәслихат
сессиясының төрайымы*

Д.Салыбекова

"КЕЛІСІЛДІ"

*Ақкөл ауданының әкімі
"Қазақстан Республикасы
Қаржы министрлігінің
Мемлекеттік кірістер комитеті
Ақмола облысы бойынша
Мемлекеттік кірістер департаментінің
Ақкөл ауданы бойынша Мемлекеттік
кірістер басқармасы" республикалық
мемлекеттік мекемесі басшысының
міндетін атқарушы*